

Қазақстан Республикасында ЖҚТБ-ның індетіне Қарсы іс-әрекет жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған Бағдарламаны Павлодар облысында іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 30 мамырдағы N 50/12 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 20 маусымда N 3035 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында ЖҚТБ-ның індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған Бағдарламаны Павлодар облысында іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) - бекітілсін.

2. Облыс қаржы департаменті Жоспардың дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

3. Облыс денсаулық сақтау департаменті 2006 жылдың 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени дамуы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына Жоспардың іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынатын болсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени дамуы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы Г. Досжанова

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров

Павлодар облыстық мәслихатының

III сайланған XVII кезекті сессиясы

2005 жылғы «30 мамырдағы

"Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламаны" Павлодар облысында

іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған
іс-шаралар жоспары туралы"

№ 50/12 шешіміне қосымша

**Қазақстан Республикасында ЖҚТБ-ның індетіне қарсы іс-әрекет
жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламаны
Павлодар облысында іске асыру жөніндегі
2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары**

№ р/с	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындалуы на (іске асырылуы - на) жауапты - лар	Орында лу (іске асыру) мерзі - мі	Болжам ды шығыс - тар	Ғ р
-------	------------	----------------	---	-----------------------------------	-----------------------	-----

1. Құқықтық және әлеуметтік мәселелер

1	АҚТҚ-індетін жұқтырғандар ды және ЖҚТБ-мен ауыратындар - ды әлеумет - тік қолдауды қамтамасыз ету	Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті директорының бұйрығы	Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті	Ұдайы		Ғ р е
2	ЖҚТБ-ның алдын алу бойынша 2005 жылға арналған іс-шараларды әзірлеу	Қалалық және ауылдық әкімдіктердің қаулылары	Қалалар мен аудандар әкімдікте - рі	2005 жылғы 1 -тоқ - сан		Ғ р е

2. Тұрғындардың барлық топтары арасында АҚТҚ/ЖҚТБ-н ы алу жөнінде ақпараттың - білім беру жұмысы

3	Жастармен істейтін мамандар, жалпы білім беретін мектептер, бастауыш, орта, жоғары кәсіби білім беретін оқу орындары оқытушылары ү ш і н Ж Қ Т Б проблемалары және оның алдын алу» бағдарламасы бойынша үйретуші семинарлар өткізу	Облыс білім беру, ішкі саясат департаменттері директорларының, ЖОО ректорларының бұйрықтары	Облыс білім беру, ішкі саясат департаменттері, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (келісім бойынша)	Жыл бойы	0,054 млн. теңге 0,165 млн. теңге	" а " 2 б с а і б к ы б
---	--	---	--	----------	--------------------------------------	-------------------------

4	Жалпы білім беретін мектептерде және бастауыш, орта, жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарында " Ж Қ Т Б проблемалары және оның алдын алу" бағдарламасы бойынша оқытуды жалғастыру	Облыс білім беру департаменті директорының және С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (келісім бойынша), Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты (келісім бойынша) ректорларының бұйрықтары	Облыс білім беру департаменті , Павлодар мемлекеттік Торайғыров атындағы университеті (келісім бойынша) Павлодар мемлекеттік Педагогикалық институты (келісім бойынша)	Жыл бойы	0,200 млн. теңге 0,052 млн. теңге	Г к Г к
5	Облыс ішкі істер басқармасы және облыс бойынша қылмыстық атқару жүйесі комитеті басқармасы жүйелерінің мекемелерінде АҚТҚ/ЖҚТБ және жыныс жолдары арқылы таралатын жұқпалардың (бұдан әрі-ЖЖТЖ) алдын алу жөнінде кешенді іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру	Облыс ішкі істер басқармасы (келісім бойынша), облыс бойынша қылмыстық-атқару жүйесі комитеті басқармасы (келісім бойынша) бастықтарының бұйрықтары	Облыс ішкі істер басқармасы (келісім бойынша), облыс бойынша қылмыстық -атқару жүйесі комитеті басқармасы (келісім бойынша)	Жыл бойы, жоспар бойынша	0,195 млн. теңге	" м і 2 б к р
6	АҚТҚ/ЖҚТБ мәселелері бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде плакаттар, үндеухаттар, буклеттер, кітапшалар, жадынамалар, күнпақтар түріндегі санитарлық-ағарту әдебиеттер шығару	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс денсаулық сақтау департаменті	Жыл бойы	0,365 млн. теңге	" к с э а м " б к о
7	АҚТҚ/ЖҚТБ-ның өзекті проблемалары бойынша телехабарлар, бейнефильмдер, бейнероликтерді	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс денсаулық сақтау департаменті	Ұдайы	0,036 млн. теңге	" к с э а м "

	шығаруды және эфирде көрсетуді қамтамасыз ету					б ғ ш ғ б
8	Дүниежүзілік ЖҚТБ-мен, нашақорлықпен күрес, ЖҚТБ-дан қайтыс болғандарды еске алу күндеріне, Жастар күніне, Денсаулық күніне арналған, салауатты өмір салтын, жыныстық мәдениетті, нашақорлықпен күресті насихаттайтын, АҚТҚ/ЖҚТБ және Ж Ж Т Ж сақтандыруға бағытталған бұқаралық іс-шаралардың өткізілуін ұйымдастыру	Фестивальдер, концерттер, шоу-бағдарламалар, мектеп кештері, конференциялар, олимпиадалар, "дөңгелек үстелдер", ҚТҚ-лар, викториналар, дискотекалар	Облыс денсаулық сақтау; мәдениет; білім беру; ішкі саясат департаменттері	Жыл бойы	0,041 млн. Теңге 0,100 млн. Теңге	" т я а м " " а і б к ш б
3. Медициналық ұйымдарда, облыс тұрмыстық қызмет кәсіпорындарында АҚТҚ- жұқпасының алдын алу іс-шаралар						
9	Донорлық қанның қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз ету	Облыс денсаулық сақтау департаменті директорының бұйрығы	Облыс денсаулық сақтау департаменті	Ұдайы	1,439 млн. теңге	" к е б к ш б
10	Медицина ұйымдарында, сондай-ақ тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарында зарарсыздандыру стерелизациялау тәрті-	Облыс мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті директорының бұйрығы	Облыс мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті	Ұдайы		

бінің сақта-
луына бақы-
лауды күшейту

4. Мінез-құлқы қауіпті топ арасындағы АҚТҚ жұқпасы таралуының алдын алу жөніндегі іс-шаралар

11	Есірткіге тәуелді адамдармен жұмыс істеу үшін бұрынғы есірткіні тұтынушылар қатарынан волонтерлерді тарту жұмысын күшейту	Облыс әкіміне ақпарат	Қалалар мен аудандар әкімдері , облыс денсаулық сақтау департаменті	Ұдайы		К р е
12	ЖҚТБ ОО достық кабинетінде тұрғындардың басымдық топтары үшін ЖЖТЖ емдеу бойынша тегін құпия медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету	Облыс денсаулық сақтау департаменті директорының бұйрығы	Облыс денсаулық сақтау департаменті	Жыл бойы	0,522 млн. теңге	" т я а м к б к ш б
13	Павлодар, Екібастұз, Ақсу қалаларында және Шарбақты ауылында сенім пункттерін ұстау	Облыс денсаулық сақтау департаменті директорының бұйрығы	Облыс денсаулық сақтау департаменті	Жыл бойы	ЖҚТБ ОО 0,356 млн. теңге Павлодар қаласы - 4,400млн. теңге Екібастұз қаласы 1,454 млн. теңге Ақсу қаласы 1,200 млн. теңге Шарбақты ауылы - 0,285 млн. теңге	" т я а м " б к м к б к Ү с э а м " А с я а м к б а Ү б м к

						б к ш б
14	Мінез-құлқы қатерлі адамдармен олардың жиналу орындарында алдын алу жұмыстарының өткізілуін, оларға ақпараттық материалдарды, АҚТҚ жұқпасынан және ЖЖТЖ-дан қорғану құралдарын беруді қамтамасыз ету	Облыс денсаулық сақтау департаменті директорының бұйрығы	Облыс денсаулық сақтау департаменті	Ұдайы	0,249 млн. теңге	" т я а м " б к о
5. Диагностикалық және емдеу іс-шаралары						
15	АҚТҚ жұқтырған әйелдерді жүкті болуы және босануы кезінде, олардан туған балаларды, сондай-ақ АҚТҚ жұқпасын жұқтырған 14 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді қоздырғышқа қарсы емдеуді қамтамасыз ету	Облыс денсаулық сақтау департаменті директорының бұйрығы	Облыс денсаулық сақтау департаменті	Ұдайы	1,354 млн. теңге	" т я а м " б к о
16	Мінез-құлқы қатерлі топтардың арасында эпидемиологиялық бақылау қадағалауды қамтамасыз ету	Облыс денсаулық сақтау департаменті директорының бұйрығы	Облыс денсаулық сақтау департаменті	Жыл бойы	0,435 млн. теңге	" т я а м " б к о